

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХА 03.20.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540101>

Еслямова Айнұр Залетқызы¹

Тарих магистрі, А.Қ. Құсайынов ат. Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан, aeslyamova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-9463-8022

Айтенов Жасулан Қуанышевич^{*2}

Тарих магистрі, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан, i-10-off@bk.ru, ORCID ID: 0000-0002-6366-3528

Азмұханова Айман Махсотқызы³

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан aimanazmukhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9535-7851

Шокатова Айсұлу Қажымұқановна⁴

Тарих магистрі, А.Қ. Құсайынов ат. Еуразия гуманитарлық институты. Астана, Қазақстан, aisek85@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-0433-9852

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ
МЕН ДАМУ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ)**

Аңдатпа. Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ерекше әлеуметтік-мәдени мәнге ие болды. Бұл кезеңде Ресей империясының отарлық саясатының әсерінен қазақ қоғамының дәстүрлі білім жүйесі мен мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Халық ағарту саласында мектептердің ашылуы, оқулықтардың және оқу құралдарының пайда болуы, сондай-ақ мұғалімдер даярлау жүйесінің құрылуы маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, бұл процесс қазақ қоғамындағы білімге, сауаттылыққа деген қызығушылықтың артуына, жаңа әлеуметтік институттар мен мәдени бірлестіктердің қалыптасуына ықпал етті. XIX ғасырдың екінші жартысында басталған мектеп жүйесінің дамуы XX ғасырдың басында жаппай оқытумен нығайып, қазақ интеллигенциясының қалыптасуына негіз болды. Осы кезеңдегі халық ағарту ісі қазақ қоғамының әлеуметтік дамуы мен ұлттық сананы қалыптастыруда шешуші фактор ретінде бағаланады. Зерттеу барысында архивтік деректер, мерзімді басылымдар және деректі әдебиеттер негізге алынған. Нәтижесінде Солтүстік Қазақстандағы білім беру процесінің ерекшеліктері, мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара байланысы, сондай-ақ халық ағарту ісінің қоғамдағы әлеуметтік маңызы анықталды.

Кілт сөздер. Солтүстік Қазақстан, халық ағарту ісі, отарлық саясат, білім беру жүйесі, орыс-қазақ мектептері, патшалық әкімшілік.

Еслямова Айнұр Залетқызы¹

Магистр истории, Евразийский гуманитарный институт им. А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан, aeslyamova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-9463-8022

Айтенов Жасулан Куанышевич^{*2}

Магистр истории, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан, i-10-off@bk.ru,
ORCID ID: 0000-0002-6366-3528

Азмуханова Айман Махсоткызы³

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
aimanazmukhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9535-7851

Шокатова Айсулу Кажымукановна⁴

Магистр истории, Евразийский гуманитарный институт им. А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан, aisek85@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-0433-9852

ФОРМИРОВАНИЕ И ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ НАРОДНОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX В.)

Аннотация. Формирование и развитие народного просвещения в Северном Казахстане во второй половине XIX – начале XX века имело значительное социально-культурное значение. В этот период колониальная политика Российской империи привела к глубоким изменениям в традиционной системе образования и культурной жизни казахского общества. Ключевыми аспектами были открытие школ, появление учебников и учебных пособий, а также создание системы подготовки учителей. Эти процессы способствовали росту интереса к образованию и грамотности среди населения, а также формированию новых социальных институтов и культурных объединений. Развитие школьной системы, начавшееся в XIX веке, к началу XX века переросло в массовое образование, положив основу для становления казахской интеллигенции. Народное просвещение того времени сыграло решающую роль в социальном развитии казахского общества и формировании национального сознания. В исследовании использованы архивные источники, периодические издания и документальная литература для анализа особенностей образовательного процесса в Северном Казахстане, взаимодействия государственных и общественных инициатив, а также социальной значимости народного просвещения.

Ключевые слова. Северный Казахстан, народное просвещение, колониальная политика, система образования, русско-казахские школы, царская администрация.

Eslyamova Ainur Zaletkyzy¹

Master of history, A.K. Kussainov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan,
aeslyamova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-9463-8022

Aytenov Zhassulan Kuanyshevich^{*2}

Master of history, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan,
i-10-off@bk.ru, ORCID ID: 0000-0002-6366-3528

Azmukhanova Aiman Makhzotkyzy³

PhD in History, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, aimanazmukhanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9535-7851

Shokatova Aisulu Kazhymukanovna⁴

Master of history, A.K. Kussainov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan,
aisek85@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-0433-9852

FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC EDUCATION IN NORTHERN KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)

Abstract. The formation and development of public education in Northern Kazakhstan during the second half of the 19th century and the early 20th century held significant socio-cultural importance. During this period, the colonial policies of the Russian Empire led to profound changes in the traditional education system and cultural life of Kazakh society. Key developments included the establishment of schools, the introduction of textbooks and teaching materials, and the creation of teacher training systems. These processes contributed to an increased interest in education and literacy among the population and facilitated the emergence of new social institutions and cultural associations. While the school system began to develop in the late 19th century, it expanded into widespread education by the early 20th century, laying the foundation for the formation of the Kazakh intelligentsia. Public education during this era played a decisive role in the social development of Kazakh society and the shaping of national consciousness. This study draws on archival sources, periodicals, and documentary literature to analyze the peculiarities of the educational process in Northern Kazakhstan, the interaction between state and community initiatives, and the broader social significance of public education.

Key words. Northern Kazakhstan, public education, colonial policy, education system, Russian-Kazakh schools, Tsarist administration.

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы – қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік дамуының жаңа сатысына көтерілген, тарихи тұрғыдан аса маңызды кезеңдердің бірі. Бұл дәуірде Қазақстанның, соның ішінде Солтүстік өңірдің әлеуметтік құрылымы, шаруашылық жүйесі және мәдени өмірі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ даласының әкімшілік, экономикалық және мәдени жүйесіне терең еніп, жаңа басқару формаларын, орыс-қазақ қатынасының жаңа үлгілерін қалыптастырды. Осы өзгерістер халық-ағарту ісінің де жаңа сипат алуына жол ашты.

Солтүстік Қазақстан өңірі географиялық тұрғыдан Ресеймен шекаралас орналасқандықтан, отарлық биліктің мәдени ықпалы ертерек және қарқынды көрініс тапқан аймақтардың бірі болды. Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар сияқты әкімшілік орталықтарда орыс-қазақ мектептері, приходтық және миссионерлік оқу орындары ашылып, ресейлік үлгідегі оқу жүйесі енгізілді. Алайда бұл мектептер тек білім беру мекемелері ғана емес, сонымен қатар отарлық идеологияны насихаттаудың құралына да айналды. Соған қарамастан, жергілікті халық арасында сауат ашу мен жаңа білімге деген сұраныс артып, қазақ қоғамының мәдени оянуына алғышарттар қалыптасты.

Ұлттық демократиялық интеллигенцияның көрнекті өкілдерінің бірі Қошке Кеменгерұлының пайымдауынша, Ресей үкіметі қазақ халқын оқыту арқылы жан-жақты білім беруді мақсат етпеді. Керісінше, аз ғана сауат алып, болыстық кеңседе аудармашы қызметін атқара алатындай деңгейде шектеуді көздеген саясат жүргізді. Патшалық биліктің білім беру саласындағы негізгі мақсаты – қазақ балаларын Ресей империясына толықтай қызмет ететін тұлға ретінде тәрбиелеу болды. Осыған байланысты бастауыш

білім беру жүйесінің оқу бағдарламалары патша әкімшілігінің талаптарына сай құрылып, қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мен ұлттық мүдделері мүлде ескерілмеді [1, 17, 51 б.].

Бұл тұжырым халық-ағарту ісінің отарлық мазмұнын ашып көрсетеді. Расында да, патша үкіметі қазақ жерінде ашылған мектептер арқылы халықты біліммен қаруландыруды емес, керісінше, империялық саясатқа бағындыруды көздеді. Оқу бағдарламалары мен тәрбие жүйесі ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті мәдениетті ескермеді. Мектептерде қазақ тілінде білім беру шектеулі болды, ал оқу пәндерінің мазмұны Ресейдің саяси-идеологиялық мақсаттарына бағытталды.

Халық ағарту ісі кез келген қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуының негізгі факторы болып табылады. Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту жүйесінің қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ерекше тарихи мәнге ие болды. Бұл кезеңде қазақ қоғамы дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңа оқу орындары мен мектептерге өтуді бастады, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдары пайда болып, мұғалімдерді даярлау жүйесі құрылды. Ресей империясының отарлық саясаты білім беру саласына елеулі әсер етті, бұл қазақ қоғамында білім мен сауаттылыққа деген қызығушылықтың артуына, жаңа әлеуметтік институттар мен мәдени бірлестіктердің қалыптасуына жол ашты.

Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту ісінің дамуы арқылы ұлттық сана мен әлеуметтік мәдениеттің қалыптасу процесін талдау. Зерттеу объектісі ретінде өңірдегі мектептер, оқулықтар, мұғалімдер және халыққа білім беру процесі алынды. Зерттеудің мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында халық ағарту ісінің ерекшеліктерін, мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара байланысын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысының деректік негізін XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстан аумағында халық ағарту жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қатысты мұрағаттық және баспа материалдары құрайды. Негізгі дереккөздер қатарына Қазақстан Республикасының Президенттік архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және өңірлік архив қорларында сақталған патшалық әкімшілік органдарының ресми корреспонденциялары, оқу инспекторларының баяндамалары, мектеп ашу туралы нұсқаулықтар, оқу орындарының қаржылық есептері мен статистикалық мәліметтері жатады. Сонымен қатар патша үкіметінің білім беру саясатына байланысты құқықтық актілер, оқу бағдарламалары, мұғалімдерді даярлау туралы құжаттар кеңінен пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи-архивтік әдіс негізгі әдіс ретінде қолданылды, оның көмегімен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мектептерге, оқулықтарға, мұғалімдер даярлау жүйесіне қатысты деректер талданды. Мерзімді басылымдар мен газет материалдары контент-анализ әдісі арқылы зерттеліп, сол кезеңдегі қоғамдық пікір мен ағарту ісінің дамуын сипаттау мүмкіндігі туды. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, Солтүстік Қазақстандағы білім беру процесінің басқа аймақтармен салыстырмалы ерекшеліктері анықталды. Құжаттық және деректі әдебиеттерді талдау әдісі білім беру жүйесінің құрылымы, мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара байланысы, сондай-ақ халық ағарту ісінің әлеуметтік маңызы туралы нақты ақпарат берді. Осы әдістердің кешенді қолданылуы зерттеу объектісінің тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау. XIX ғасырдың ортасында патша үкіметінің Қазақстан аумағындағы оқу-ағарту саясаты екі негізгі бағытта жүзеге асты: діни және азаматтық. Діни бағыттағы білім беру жүйесі мектептер мен медреселер арқылы жүргізілді. Мұсылмандық оқу орындарында араб әліпбиі негізінде білім беріліп,

молдалар мен бастауыш мектептерге ұстаздар даярланды. Діни сипаттағы мектептер мен медреселер қазақ халқының қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарды. Бұл оқу орындары Қазақстан жеріне негізінен Орта Азиядан, әсіресе Бұхара өңірінен тараған еді.

Мектептер бастауыш білім беретін оқу орындары болып саналды. Онда 8 бен 17 жас аралығындағы балалар оқыды. Оқушыларға араб және татар тілдерін меңгерту, Құран сүрелерін жаттау, сондай-ақ түркі тілдеріндегі поэзиялық шығармаларды оқу үйретілді. Оқу мерзімі оқушылардың білім деңгейіне қарай белгіленіп, мектептерде әдетте бір, кей жағдайда екі оқытушы ғана дәріс берді.

Медреселер орта білім беретін оқу орындары ретінде қызмет атқарды. Мұнда бастауыш мектепті аяқтаған және білімін тереңдетуге ұмтылған адамдар қабылданды. Медреселер ірі уездік қалаларда және мешіттердің жанында орналасып, оқу уақыты нақты шектелмеді. Көп жағдайда барлық пәндерді бір ғана оқытушы – мударис жүргізді, сондай-ақ оқу орнының басқару ісі де соның міндетіне кірді. Осыған байланысты мударистер кейде оқушылар арасынан көмекшілер тағайындап, оларға жекелеген пәндерді оқытуға мүмкіндік берген. Мұндай көмекшілер хальфа деп аталды. Медреселерде білім беру тек діни бағытта жүргізіліп, негізгі назар Құран оқуға аударылды. Бұл кезеңде мұсылман мектептері мен медреселерде кеңінен қолданылған негізгі оқу құралдары «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды.

Қазақ медреселерінде оқушыларды емтихансыз-ақ қабылдаған, сондықтан барлығына білім алуға жол ашық болды. Кім де кім білім алғысы келетін болса, оның оқуға төлейтін қаржысы болуы керек еді. «Бірақ медреселерде кедейлердің балалары да білім алған. Көбіне олар «өз еркімен» берген «зекет», «пітір» басқа да садақалар және туысқандары берген қаражатқа оқыған» [2, 20, 28 б.] Мұндай қаржы, көмектер болмай қалған жағдайларда кедей балалары оқуларын жалғастыруға мүмкіндіктері де болмаған.

Ауылдық аймақтардағы медреселердің ғимараттары қарапайым қазақтардың тұрғын үйлерінен айтарлықтай ерекшеленбеді. Төбесі тегіс болып, қабырғалары шымнан немесе күйдірілмеген кірпіштен қаланған, ал терезелері шағын ғана еді. Ал қалалық жерлердегі медреселер ауылдықтармен салыстырғанда анағұрлым сапалы ғимараттарда орналасып, сыртқы келбеті жағынан қалалық үлгідегі мектептерге ұқсас болып салынды. Кейбір облыстарда медреселер тек қалаларда ғана жұмыс істеді. Қазақстан аумағындағы мектептер мен медреселер діни басшылардың қарауында болды, сондықтан бұл оқу орындарындағы «мұғалімдер» негізінен дін өкілдерінің ұсынысы бойынша тиісті үкіметтік мекемелер тарапынан бекітіліп, тағайындалған молдалардан тұрды. Олардың басым бөлігі Орта Азия медреселерінде білім алған тұлғалар болатын [2, 20, 21–22 б.]. Алайда Қазақстан Ресей империясының отарлық жүйесіне толық енгеннен кейін, орыс әкімшілігі мұсылмандық ағартушылыққа қарсы саясат жүргізе бастады. Соның нәтижесінде мектеп-медреселердің қызметіне шектеу қойылып, олардың орнына орыс үлгісіндегі оқу орындары ашыла бастады.

Осы мақсатта 1850 жылы отаршыл әкімшіліктің төменгі буындарына тілмаштар мен хатшылар даярлау үшін Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларына арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ұйымдастырылды. Алғашқы кезеңде бұл оқу орнында негізінен діни пәндер оқытылғанымен, 1859 жылдан бастап орыс тарихы, жалпы және орыс географиясы, математика мен геометрия пәндері енгізілді.

Патша үкіметі қазақтың ауқатты әулеттерінің балаларын Омбы мен Орынбор кадет корпусарында оқытуға рұқсат берді. Мәселен, Сібір кадет корпусының қабырғасынан көптеген белгілі ғалымдар, ағартушылар мен зерттеушілер түлеп шықты. Олардың қатарында Сібір мен Орта Азияны зерттеуші Г.Н. Потанин, қазақтың көрнекті ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов, Батыс Сібір зерттеушісі әрі тарихшы Катанаев, Усов, сондай-ақ революционер В.В. Куйбышев бар. Бұған қоса, Шоқан Уәлихановтан бөлек, зерттеліп

отырған өңірден Омбы кадет корпусын оның інісі Махмұт, немере інісі Сұлтан Ғазы Уәлиханов және белгілі этнограф-ғалым Есмұрат Ибрагимов аяқтаған.

Қазақ ұлттық интеллигенциясының алғашқы өкілдері саналатын Ш. Уәлиханов пен С. Бабажановтың өнегелі жолын көріп, орыс-қазақ білімінің маңызын түсінген бірқатар қазақтар өз балаларын Омбы, Орынбор және Ресейдің өзге де қалаларындағы оқу орындарына оқуға жібере бастады. Қазақ қоғамында балаларды орыс тілінде оқытуға ынталандырудың түрлі жолдары қарастырылды. Соның бір дәлелі ретінде Баянауылдың аға сұлтаны Мұса Шормановтың ұлы Сәдуақас Шормановтың 1887 жылғы 25 ақпанда Г. Н. Потанинге жазған хатын айтуға болады. Онда ол: «Қазіргі уақытта қазақ балалары әртүрлі оқу орындарында білім алуа: гимназияда – 19, кадет корпусында – 5, мұғалімдер семинариясында – 4, техникалық училищеде – 2 тәрбиеленуші оқып жүр. Барлығы Омбы қаласының оқу орындарында 30 қазақ баласы бар, ал біреуі Петербург университетінде білім алуа», – деп көрсетеді [3, 96, 230 б.].

1846–1865 жылдар аралығында, яғни қазақ балаларына білім алуға рұқсат берілген кезеңде, кадет корпусында бар болғаны 13 қазақ баласы ғана оқыған. Олардың қатарында әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов та болды. Кейінгі жылдары кадет корпусына тек ауқатты отбасылардан шыққан балаларды ғана қабылдауға рұқсат етілді. Ал 1868 жылдан бастап қазақ балаларының әскери гимназияларда оқуына мүлде тыйым салынды.

Сібір қазақтары облысына қарасты Ақмола және Семей өңірлерінде қазақ балаларына арналған алғашқы оқу орны ретінде 1865 жылы Омбы қаласында орыс-қырғыз (қазақ – А.Е.) училищесі ашылды. Бұл оқу орны бес сыныптан тұрды, сондай-ақ сауаты жоқ балалар үшін арнайы дайындық сыныптары ұйымдастырылды. Бірінші сыныпты бір жылда аяқтаған оқушылар екінші сыныпқа көшірілді. Оқу үдерісі 15 тамызда басталып, 15 мамырда аяқталды, ал шілде айының ортасынан 15 тамызға дейін жазғы демалыс берілді. Училищеде Закон Божий, орыс тілі, қырғыз (қазақ – А.Е.) тілі, таза жазу, арифметика, бастапқы геометрия, тарих, заң тану, гигиена және ән айту пәндері оқытылды. Орыс-қазақ училищесін сәтті аяқтап, аттестат алған түлектерге мемлекеттік, қоғамдық, үкіметтік және сот мекемелерінде қызмет атқаруға мүмкіндік берілді [4, 97, 19 п.]. 1868 жылы бұл училищеде барлығы 40 оқушы білім алды, олардың 20-сы қазақ, 20-сы орыс балалары болды [5, 98, 20 п.].

1867–1868 жылдары жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде сауатты шенеуніктерге деген сұраныс айтарлықтай артты. Осы қажеттілікке байланысты Ақмола облысында әртүрлі оқу орындарының саны едәуір көбейе бастады.

1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары туралы» заңға сәйкес Ақмола облысындағы мектептер желісі кеңейтілді. Аталған кезеңде әкімшілік тарапынан орта білім беретін оқу орындары ашылды. Оқу орындары бірнеше топқа бөлінді:

– Бастауыш білім беретін оқу орындары – бұған толық емес гимназиялар, қалалық училищелер, приходтық мектептер, орыс-қазақ және орыс-түземдік училищелер мен мектептер, сондай-ақ ауыл мектептері кірді;

– Орта білім беретін оқу орындары – ер балалар мен қыздарға арналған гимназиялар және реалдық училищелер. Мұғалімдер даярлайтын семинариялар да осы санатқа жатқызылғанымен, олардың білім беру деңгейі салыстырмалы түрде төмен болды.

Сонымен қатар арнаулы мамандар даярлайтын оқу орындары ретінде мұғалімдер семинариялары, ауыл шаруашылық және фельдшерлік мектептер ашылды [6, 18, 31 б.].

Мысалы, Көкшетау қаласында қазақ-орыс училищесі ашылса, Қотыркөл станицасында ауыл шаруашылық мектебі жұмыс істеді [7, 34, 261 б.]. Аталған кезеңде облыс аумағында барлығы 76 оқу орны қызмет атқарды. Бұл оқу орындарында 2 767

оқушы білім алды. Олардың қатарында 1 қазақ мектебі (27 оқушы), ер балалар оқитын 4 татар мектебі (231 оқушы) және қыздарға арналған 3 мектеп (44 оқушы) болды [6, 18, 255 б.].

1872 жылғы 31 мамырда патша үкіметі қалалық училищелер ашу туралы арнайы нұсқау қабылдап, соның негізінде Қазақстан қалаларында қалалық мектептер ұйымдастырыла бастады. Бұл оқу орындарында негізінен қолөнер және сауда салаларына қажетті мамандықтар оқытылды.

1879 жылы Ақмола облысында қазақ балаларына арналған орыс-қазақ мектептері ашылды. Облыстағы мұндай оқу орындары мектеп-интернаттар деп аталды. Ал 1883 жылы уездік орталықтар саналатын Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавл қалаларында ер балалар мен қыздарға арналған екі мектептен ашылды. Интернаттарға болыс басшылары әрқайсысы екі оқушыдан қамтамасыз етуге міндеттелді, себебі қазақ халқы бұл оқу орындарына балаларын өз еркімен беруге құлық танытпады. Қазақтар үшін мұндай жабық типтегі оқу орындары қолайсыз саналды.

Сондықтан қазақ балаларын бұл мектептерге күштеп тарту шаралары да қолданылды. Осындай жағдайларда ауқатты бай-шонжарлар кейде өз балаларының орнына кедей отбасыларынан шыққан балаларды жіберіп отырған. Бұл пікірді дәлелдеу үшін Шоқан Уәлихановтың досы Н. Ядринцевтің еңбегіндегі мына бір деректі келтіруге болады. Ол өз шығармасында: «Қырғыз даласындағы бұратаналар кейбір интернаттар мен мектептерге балаларын беруге мәжбүр болғандықтан, қорқыныштан кедей балаларын сатып алып жіберген», – деп жазады [8, 7, 239 б.]. Мектеп–интернаттарда орыс грамматикасы, сонымен бірге, ер балаларды қолөнерге, қыздарды тігуге үйретті. XIX ғасырдың 80-жылдардан бастап *қазақ интернаттарын жабу туралы* мәселе тұрды. Өйткені облыс және уездік бастықтар бұл интернаттардың көшпелілер үшін қажеті жоқтығын айта келіп, оларды кәсіптік білім беретін оқу орындарына айналдыруды көздеді. Сондықтан мұндай мектеп-интернаттар 1885 жылғы ереже бойынша ауылшаруашылық төменгі мектебі болып өзгертілген болатын [5, 98, 24 п.]. Қазақ газеті: «Бері келе 1889 жылында интернаттар жер шаруасының школдарына айналдырылды... Хұкмет қазақтарды отырықшы қылып, арқасына аттап міну пікірімен сол үшін екі ортаға дәнекер қылуға, үлгі көрсетуге еркек баланы бақшалыққа, әйел баланы қол ісіне үйретпекші болды», [9, 99, 51 б.] -деп жазды.

Мұндай мектептерде әсіресе, ауыл шаруашылығы туралы практикалық сабақтар жүргізілуі тиіс еді. Ең алғаш ауылшаруашылық мектептері Ақмола облысының Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола қаласында ашылды. Мысалы, мұрағат деректеріне сүйенсек, “Ақмолада қырғыздар (қазақ- А.Е.) ауылшаруашылық мектебінде 1889 жылы 1 қазанда 33-29 оқушы оқыған. Бірақ мұнда оқуға келгендердің бірде біреуі орыс грамматикасын білмеді. Оқушылар 3 топқа бөліп оқытылды. 1-ші топта жаңадан келген оқушылар мен үлгерімі төмен болғандықтан келесі жылға қалған оқушылар оқыды. 2-ші топтың оқушылары бірінші топтан ауысқандар еді, олар орысша 2-3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыра алды. 3-ші топтың оқушылары екінші топтан көшірілгендер және олар өздерінің ойларын орысша жеткізе білетін, орысша айтқанды түсінетін оқушылар оқыған” [10, 100, 1-2 п.]. Міне, осындай ауыл шаруашылық мектебі Петропавл қаласында 1887 жылы бұрынғы Далалық өлкенің генерал-губернаторы Г.Колпаковскийдің ойымен ашылып, 1894 жылға дейін қырғыздардың (қазақтардың- Е.А) ауылшаруашылық мектебі деп аталды, өйткені оқушылар қырғыз (қазақ- Е.А) балалары еді. Мектепте білім алу 3 жылдық болды. Оқушылардың жасы 13- тен төмен болмауы керек еді. Мектептің басты мақсаты – жергілікті жерлерде ауыл шаруашылық мәселелерді нақты білетін түлектерді шығару. Мектепте орыс тілі, арифметика, Закон Божи және тағы басқа пәндер оқылды [11, 101, 1 п.].

1888 жылдан 1893 жылдар аралығында ауылшаруашылық мектептері керсінше азайды. Егер 1888 жылы Ақмола облысында 5 қазақ ауылшаруашылық мектебі жұмыс істесе, Омбыда 5 оқушы, Петропавлда 19, Ақмолада 33, Көкшетауда 16 оқушы болды, ал 1893 жылдары Петропавлда 2 мектеп, 25 оқушы және Ақмолада 19 оқушы ғана оқыды [12, 102, 78 п.].

Ауылшаруашылық мектебін табысты тәмамдаған түлектер оқуын жалғастыру үшін Омбы қаласындағы гимназияға, семинарияға және фельдшерлік мектепке жіберілді. Омбы ауылшаруашылық училищесінде С. Бижанұлы, С. Қазбекұлы, Б. Айбасұлы, М. Саматұлы, А. Шорманұлы, Қ. Кеменгерұлы, Р. Толаспайұлы, С. Садуақасұлы сияқты кейіннен мемлекет және қоғам қайраткері, ғылым мен өнер саласының көрнекті өкілдері атанған көптеген тұлғалар білім алды. Мәселен, 1889 жылы Көкшетау ауылшаруашылық мектебін үздік аяқтаған үш оқушы Омбы қаласына жолдама алып, олардың бірі гимназияға, екіншісі фельдшерлік мектепке, үшіншісі ветеринарлық мектепке қабылданды [12, 102, 78 п.].

Ақмола облысында қазақ балалары білім алған келесі маңызды оқу орны Омбы техникалық училищесі болды [13, 103, 102 п.]. Бұл оқу орнында оқушылар кәсіптік-техникалық бағытта білім алды. Дегенмен, Омбы техникалық училищесінде оқыған қазақ жастарының саны өте аз болды. Бұған негізгі себептердің бірі қаржылық қиындықтар еді, себебі оқушылар жылына 200 сом көлемінде оқу ақысын төлеуге міндеттелді. Қазақ балаларының басым бөлігі оқуын стипендия есебінен жалғастырды. Омбы техникалық училищесінде оқу мерзімі төрт жылды құрады. 1872 жылғы ережеге сәйкес бірінші сыныпқа уездік немесе қалалық училищенің толық бағдарламасын аяқтаған талапкерлер қабылданды. Училищеде Закон Божий, орыс тілі, геометрия, физика, технология, геометриялық сызу, алгебра, тригонометрия және басқа да пәндер оқытылды [14, 104, 191 п.].

Омбы техникалық училищесінің қабырғасынан көптеген қазақ жастары, яғни болашақ ұлттық зиялы қауым өкілдері білім алды. Архив деректеріне сүйенсек, бұл оқу орнында Әлихан Бөкейханов (Қарқаралы уезі), Жүсіп Сатыбалдин (Ақмола уезі), Мәмбетәлі Сердалин (Көкшетау уезі), Нұртай Нұрышов (Семей уезі), Ілияс Итжанов (Ақмола уезі) және өзге де көптеген жастар оқыған [14, 104, 2 п.]. Жалпы алғанда, Омбы техникалық училищесінде 12 қазақ баласы білім алғаны көрсетіледі [15, 105, 102 п.].

Сонымен бірге қазақ жастарына Ресейдің гимназияларында оқып, орта білім алуына мүмкіндік берілді. Гимназиялар орта білім беретін оқу орындары болып саналып, тек қалаларда орналасқан әрі қоғамда элиталық мектептер ретінде танылды. Ол кезеңде қазақ халқының басым бөлігі қалалардан қашық орналасқан ауылдық немесе аралас қоныстарда өмір сүрді. Қазақстан толықтай Ресей империясының құрамына енгеннен кейін патша өкіметіне жергілікті халық арасынан сауатты шенеуніктер қажет болды. Осы мақсатта қазақтарға зайырлы білім берудің артықшылықтарын көрсетуге ұмтылды. Алайда гимназиялар мемлекеттік оқу орны болғанымен, оқу ақысы қымбат еді. Сондықтан бұл оқу орындарына негізінен ауқатты отбасылар ғана балаларын оқуға бере алды. Сонымен қатар, кей жағдайда қазақ жастарының білім алуына жағдай жасау үшін оларға стипендия тағайындалды.

Ақмола және Семей облыстарынан шыққан қазақ балалары Омбы гимназиясында білім алды. Гимназиялық білім болашақта қазақ жастарының Ресейдің жоғары оқу орындарына түсуіне жол ашатын маңызды баспалдақ қызметін атқарды.

Гимназияда оқу мерзімі 4, 6 немесе 8 жылды құрады, ал орыс тілін жеткілікті меңгермеген қазақ оқушылары үшін дайындық сыныбымен бірге оқу уақыты 9 жылға дейін созылды. Оқу бағдарламасына Құдай заңы (Закон Божий), орыс тілі, арифметика, көркем жазу, география, алгебра, геометрия, физика, тарих, педагогика, латын, грек,

неміс және француз тілдері, логика, гимнастика пәндері енгізілді. Әсіресе гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуға айрықша мән берілді. Неміс және француз тілдерін оқу оқушылардың жеке таңдауына байланысты болды. Алайда 1887 жылғы 11 сәуірдегі патша жарлығына сәйкес Омбы гимназиясында білім алып жүрген қазақ оқушылары грек тілін оқудан босатылды. Дегенмен, жоғары оқу орындарының бағдарламасында грек тілі қарастырылғандықтан, қазақ жастары бұл пәнді мүлде тоқтатқан жоқ. Гимназияларда оқу үдерісі толықтай орыс тілінде жүргізілді [16, 106, 37 б.].

Омбы және Орынбор гимназияларында көптеген қазақ жастары білім алып шықты. Олардың қатарында А. Тұрлыбаев, А. Теміров, Б. Х. Ниязов, Б. Қаратаев, Ж. Ақпаев, А. Сейдалиев, И. Валиханов, М. Шоқай және басқа да тұлғалар бар. Кейін бұл азаматтардың барлығы дерлік Ресейдің ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарында білімін жалғастырып, кәсіби деңгейін арттырғаны белгілі. Осы және өзге де гимназия түлектері қазақ студенттер қауымының қалыптасуына негіз қалады деуге болады. Солардың бірі – Көкше өңірінен шыққан Айдархан Тұрлыбаев Санкт-Петербург университетінің заң факультетін тәмамдаған. Гимназиялық диплом білім сапасын айқындайтын маңызды құжат болғандықтан, қазақ жастары оқу барысында жоғары нәтижеге ұмтылды.

Бұдан бөлек, Қазақстан аумағында шіркеу-приходтық мектептер де ашылды. Мәселен, 1886 жылы Ақмола облысында 7 приходтық мектеп жұмыс істеп, онда 588 оқушы білім алған [17, 107, 84 б.]. Аталған оқу орындары негізінен миссионерлік мақсатта қызмет етті.

1898 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтерге сәйкес, Ақмола облысында 3 қалалық училище (735 оқушымен) қызмет атқарды. Олардың қатарына Петропавл қаласындағы бес сыныптық, Ақмола мен Көкшетаудағы үш сыныптық училищелер кірді. Сонымен қатар Омбы қаласында 1 уездік училище, 12 приходтық училище (1 464 оқушымен) жұмыс істеді. Бұлардан басқа Ақмола ер балалар және қыз балалар училищелері, Атбасар, Петропавл және Көкшетау училищелері, 83 оқушысы бар 1 бастауыш халық ағарту училищесі, 3 жеке мектеп, 97 оқушысы бар 2 кешкі мектеп, 1872 жылы ашылған Омбы мұғалімдер даярлайтын семинариясы, бірнеше қазақ интернаттары мен ауыл шаруашылық мектептері, сондай-ақ әскери училищелер болды [18, 18, 268 б.]. Петропавлдық үш кластық училище 1882 жылы Петропавл Қалалық думасының өтініші бойынша бес кластық болып қайта құрылды.

Жалпы, 1898 жылы Ақмола облысында тек қана 160 орта білім беретін оқу орны болған (соның 22-сі Халық-ағарту министрлігінің қарауында), бұлар да 7 381 оқушы, олардың ішінде 2 282 оқушы Халық ағарту министрлігінің мектептерінде оқыған. 75 мың тұрғынға 28 қалалық мектеп, ал 603 888 тұрғынға 132 ауылдық мектептерден келген. Жалпы облыста 678 957 адам болса, 1 мектепте 243 адам оқыған, яғни 99 тұрғынның 1 ғана оқыған, ол халықтың 1 пайызын ғана құрайды. Егер де облыста 61 106 мектеп жасындағы балалар болса, олардың тек қана 12 пайызы мектептерде білім алған. Ал 54 047 бала (88 пайыз) оқымаса, олардың 27 434 қыз бала немесе 94 пайызы мектепке бармаған [18, 18, 268 б.].

Қазақстандағы білім беру жүйесі ХХ ғасырдың басында Ресей империясындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдаймен тығыз сабақтастықта дамыды. 1906 жылы патша үкіметі бұратана халықтарға арналған «Халыққа білім беруді дамыту туралы» заң қабылдады. Аталған заңға сәйкес Қазақстан аумағында орыс-қазақ мектептерінің санын арттыру көзделді. Сонымен бірге өлкеде әртүрлі типтегі оқу орындары ашыла бастады. Атап айтқанда, Ақмола облысында мектеп-интернаттар мен ауыл шаруашылығына бағытталған бастауыш училищелер құрылды.

Осы үдерістерге байланысты Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін А. Алекторов былайша сипаттайды: «Қазақ даласындағы мектеп тек білім

берумен шектелмей, саяси қызмет те атқарды: ол қазақ халқын байырғы орыс халқымен жақындастырып, мемлекеттік тілді меңгертуге бағытталды. Мектеп арқылы орыс халқының тұрмыс-салты мен дүниетанымы таныстырылып, қазақтарды біртіндеп әрі жүйелі түрде орыс қоғамының ықпалына енгізу көзделді. Бұл үдеріс мұсылмандық ерекшелікке қарсы қойылып, Бұхара мен ислам өркендеген өзге аймақтардан тараған мұсылмандық фанатизмді әлсіретуге бағытталды», – деп атап көрсетеді [19, 10, 45 б.].

Патша өкіметі орыстандыру саясатын шалғай орналасқан қазақ ауылдарына да кеңінен тарату мақсатында ауылдық мектептер ашуға ерекше мүдделілік танытты.

Халық ағарту ісі министрлігі бекіткен Ақмола және Семей облыстарындағы ауылдық орыс-қазақ мектептеріне арналған ережеге сәйкес:

1) ауылдық мектептер болыстық немесе екі сыныптық орыс-қазақ мектептерінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет етуі тиіс болды;

2) ауылдық мектептер қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігіне барынша бейімделіп, мектеп жабдықтары көшіп-қонуға ыңғайлы болуы қажет еді;

3) оқу үдерісі қазан айынан сәуірге дейін және маусымнан қыркүйекке дейін жүргізіліп, сәуір мен қыркүйек демалыс айлары болып белгіленді;

4) оқу курсы мен пәндер бағдарламасы болыстағы бір сыныптық мектептердің оқу жоспарымен сәйкес келуі керек болды [20, 108, 13 п.].

Ауыл мектептерінің дамуы Торғай облысында салыстырмалы түрде жақсы жолға қойылғанымен, Ақмола облысында мұндай оқу орындарын ашу «Ереже» талаптарына сәйкес дайындық жұмыстарынан басталды. Ақмола облысында ауылдық орыс-қазақ мектептерін ұйымдастыру жоспарланып, осы мақсатта екі түрлі мектеп үлгісі қарастырылды:

– көшпелі ауыл мектептері, олардың оқу бағдарламасы ауылдық бастауыш училищелердің бағдарламасына сәйкес болуы тиіс еді;

– екі сыныптық орыс-қазақ мектептері, бұлардың бағдарламасы екі сыныптық ауыл мектептерінің оқу жоспарына сай келді.

Аталған ауыл мектептерінде оқушыларға тек бастапқы, қарапайым білім беру көзделді. Олар халық тығыз қоныстанған жерлерде ашылып, сонымен қатар қазақтардың көшпелі өмір салтына икемделуі қажет болды. Оқу мерзімі қыркүйек пен сәуір айларындағы демалысты есептегенде, шамамен 10 айға созылды. Сабақтар қазақ тілінде жүргізіліп, ал орыс тілі негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылды [21, 109, 14 п.].

Ауыл мектептерінің ашылуы әкімшіліктің қазақ отбасыларына 10 сом көлемінде қаржылай көмек көрсетуімен тікелей байланысты болды. Бұл оқу орындарында көбіне шала сауатты қазақ мұғалімдері мен шоқынған татарлар сабақ берді. Осы жағдайға байланысты Қ. Кеменгерұлы былай деп жазады: «Орыстардың аяғы ауылнай школға соқты. Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге берілетін 10 сомына қызығып ашқызды. Онда оқытушылардың көбі екі сыныпты ғана бітірген, рухани-ұлттық тәрбие алмаған қазақ жігіттері және татарша білетін крещендер болды. Оқытушылардың идеалсыздығынан мектеп айтарлықтай пайда бере алмады. Мәселен, Омбы уезінде он бес жылдай жұмыс істеген бір ауылнай мектептен бар болғаны үш-ақ бала ілгері оқуға өткен» [1, 17, 52 б.].

1901 жылы Ақмола облысында алты ауылдық мектеп ашылды: Омбыда – 1 (24 ер бала), Петропавлда – 2 (14 ер бала және 11 қыз), Көкшетауда – 1 (7 ер бала), Атбасарда – 1 (30 ер бала) және Ақмолада – 1 (36 ер бала) [22, 110, 41 п.]. 1905 жылы облыс аумағында 14 ауылдық және 2 болыстық мектеп жұмыс істеп, балаларға білім берді [23, 111, 71 б.]. Ал 1916 жылға қарай Ақмола облысындағы ауылдық мектептердің саны 88-ге жетіп, оларда 2334 оқушы оқыды [24, 112, 66 б.]. Алайда бұл көрсеткіш бір жарым миллионға жуық халқы бар облыс үшін жеткіліксіз еді.

Ауылдық мектептерді ұстап тұру үшін мемлекеттік қазынадан 33.745 сом және жергілікті земствадан 4.500 сом бөлінген. Бұл ақшадан басқа 1903 жылы Халық ағарту министрлігінен 10.500 сом бөлінді. Бұл ақша училищелер салу немесе аяқтау істеріне арналған. Мысалы, уездердегі: Омбы (6 ауыл) 2.300 сом, Петропавл (6 ауыл) – 3.650 сом және Көкшетау (4 ауыл) – 2.650 сом ақша бөлінген. Сонымен бірге қыздарға арналған, ауыл мектептерін ашу көзделді, онда қазақ-мұғалімалар беруі тиіс еді. Бұл мектептерді ашудағы басты мақсат – орыс оқуы мен тәрбиесі арқылы Ресей мәдениетіне қаратып, тұрмыс құрғанда өзінің отбасында осы жолға түсуге ықпал жасайды деген ой еді.

Ауылдық мектептермен қатар Ақмола облысында бір және екі кластық уездік мектептер де ашылды. Келесі кестеде біз қарастырып отырған кездегі Ақмола уезі бойынша ашылған оқу орындарының динамикасын байқауға болады:

Кесте 1 – Ақмола уезіндегі бір және екі кластық оқу орындарының динамикасы [25, 113, 5 п.]

Жылдар	Екі кластық оқу орындарының саны	Бір кластық оқу орындарының саны
1901-1905	1	6
1906-1910	-	17
1911-1915	1	33
1916	-	20

Ескерту: АҚММ 430- қор, 6-тізбе, 23-іс, 5 п.

Яғни, 1901 жылдан 1916 жылдар аралығында бір уезде ғана бір кластық және екі кластық 82 училище ашылған.

Ауылдар санының артуына байланысты уездерде қыз балаларға арналған училищелер ашу жоспарланды. Мәселен, Омбы уезінде – 2, Петропавлда – 5, Көкшетауда – 5, Атбасарда – 4, Ақмолада – 9 училище ашу көзделген еді [18, 266–267 б.].

Қазақ өлкесіне капиталистік қатынастардың енуі мен әлеуметтік-мәдени өмірдің жандануына байланысты Халық ағарту министрлігі бұрын ашқан бастауыш орыс-қазақ және орыс мектептері қазақ халқының қалыптасып келе жатқан шаруашылық қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмады. Осы себепті өлкеде тек бастауыш оқу орындарымен шектелмей, жоғарырақ деңгейдегі білім беретін мекемелерді ашу қажеттілігі туындады. Мұндай оқу орындарының қатарына қалалық училищелер, орта білім беретін мектептер, яғни гимназиялар, сондай-ақ кәсіптік бағыттағы оқу орындары кірді.

XX ғасырдың басында патша үкіметі бастауыш және орта білім беретін мектептердің санын көбейткенімен, оларды жеткілікті мұғалім кадрларымен қамтамасыз ете алмады. Осыған байланысты мұғалімдер даярлайтын арнайы семинариялар ашу қажеттігі туындады. Соның нәтижесінде 1900 жылы Верный қаласында, ал 1903 жылы Ақтөбе, Атбасар, Павлодар, Петропавл, Бөкей Ордасы және Илецк қалаларында мұғалімдер семинариялары ашылды. 1907 жылғы 29 маусымда Халық ағарту министрлігі мұғалімдер семинарияларында қазақ тілін оқыту жөнінде арнайы нұсқау бекітті [26, 119, 94–97 б.].

Аталған нұсқауға сәйкес семинарияларда оқу мерзімі бастапқыда үш жыл болып белгіленсе, 1904 жылдан бастап төрт жылға ұзартылды. Осы өзгерістерге байланысты, мысалы, Омбы мұғалімдер семинариясында жыл сайын білім алушылар саны 60–70

адамды құраса, оқу мерзімі ұзарғаннан кейін 1916 жылдары олардың саны 81 адамға жетті. Бұл оқу орны толықтай мемлекеттік қазына есебінен қаржыландырылды. Мәселен, 1905 жылы Халық ағарту министрлігі семинарияға қазынадан 24 278 сом бөлген [27, 121, 5 п.].

Жалпы мұғалімдер семинарияларында оқу тегін жүргізілді. Білім алушылардың басым бөлігі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққандықтан, оларға арнайы стипендия тағайындалды. Омбы мұғалімдер семинариясының тәрбиеленушілері жылына қазынадан 120 сом көлемінде немесе әртүрлі кәсіпорындардан 200 сомға дейін, сондай-ақ жеке адамдар тарапынан берілетін стипендиялар алып отырды. Батыс Сібір оқу округінің деректері бойынша, 1905 жылы 33 оқушы қазыналық стипендия алған, 15 оқушы Томск пен Тобыл губернияларындағы кәсіпорындардан, 6 оқушы Алтай таулы округінен, 9 оқушы Сібір казак әскерінен, ал 3 оқушы арнайы казак балалары үшін Ақмола облыстық басқармасы тағайындаған стипендиямен қамтылған [27, 122, 6 п.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Батыс Сібір оқу округінің басқармасы Халық ағарту министрлігіне мұғалімдер даярлайтын тағы екі жаңа семинария ашу жөнінде ұсыныс жасаған еді. Аталған оқу орындарының бірін Ақмола облысының Көкшетау уезінде, екіншісін Семей облысындағы Ертіс ауылында ашу жоспарланды. Алайда 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы бұл бастамалардың жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Соған қарамастан, 1916 жылы соғыс жағдайына қарамастан Ақмола қаласында мұғалімдер семинариясы ашылды. Бұл Дала өлкесінде арнайы педагогикалық білім беретін төртінші оқу орны болды. Дегенмен, семинарияда білім алған казак шәкірттерінің үлесі жалпы оқушылар санына қарағанда мардымсыз деңгейде қалды. Оны мына кестеден байқаймыз.

Кесте 2 – Мұғалім семинариясында білім алған казак оқушыларының саны [26, 119, 94 б.]

Семинария мен мектептер	Жылдар	Жалпы оқушы саны	Қазак оқушылары
Орынбор казак мұғалім семинариясы	1899	-	17
Семей мұғалім семинариясы	1907	98	9
	1916	97	6
Ақтөбе мұғалімдер семинариясы	1913	29	3
Түркістан мұғалімдер семинариясы	1879	-	-
	1904	415	54
Омбы мұғалім семинариясы	1913	98	8
	1914	77	6
Омбы педагогикалық институты	1914	31	1
<i>Барлығы</i>	-	845	103
<i>Ескерту: Мамышева Г.С. Қазақстандағы педагог мамандарын дайындау ісі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих секциясы. - 2007. - № 3. - 94-97 бб.</i>			

Кесте деректеріне сәйкес, мұғалімдер семинарияларында білім алған казак жастарының жалпы саны небәрі 103 адамды ғана құраған. Бұл көрсеткіштің өзі казак даласындағы білім беру мекемелерінің қажеттілігін толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болғанын аңғартады. Сонымен қатар, даярланған мұғалімдердің басым бөлігі орыс-казак және орыс бастауыш мектептерінде орыс тілінде сабақ берді. Осыған қарамастан, мұндай аз ғана көрсеткіштер ғылым мен білімге ұмтылған казак халқы үшін теңізге тамған тамшыдай әсер қалдырды. Сол кезеңдегі оқу-ағарту ісінің ахуалы туралы Ә.

Бөкейханов: «Қалада оқитын қазақ балаларының саны тым аз, орта оқу орындарында да, университеттерде де олар өте сирек, ал жоғары білім алғандарды саусақпен санауға ғана болады...» – деп өкініш білдірген болатын. Алайда мұғалімдер семинариялары мектептерді қажетті мөлшерде педагог кадрлармен қамтамасыз ете алмады. Мұғалім тапшылығының негізгі себептері ретінде мұғалімдер семинариялары мен бір және екі сыныптық мектептердің аздығы, қазақ ауылдарының бір-бірінен шалғай орналасуы, сондай-ақ мұғалімдердің жалақысының мардымсыз болуы көрсетіледі. Қазақстандағы, соның ішінде Солтүстік өлкедегі бастауыш мектептердегі мұғалімдер санын төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 3 – Қазақстандағы мектептердегі мұғалімдер саны (1916 ж.) [26, 119, 95 б.]

Облыстар	Оқушылар Саны	Соның ішінде			
		Жоғарғы білім	Семинария бітірген	Орта және Бастауыш	Өз бетімен білім алған мұғалім
Ақмола	995	-	416	532	47
Семей	444	-	262	162	20
Жетісу	433	1	127	169	5
Сырдария	644	2	158	321	4
Барлығы	2516	3	863	1184	76

Ескерту: Мамышева Г.С. Қазақстандағы педагог мамандарын дайындау ісі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих секциясы. - 2007. - № 3. - 94-97 бб.

Кестеде көрсетілгендей, Семей, Жетісу және Сырдария облыстарымен салыстырғанда Ақмола облысында семинарияларды, сондай-ақ орта және бастауыш мектептерді аяқтағандардың саны салыстырмалы түрде жоғары болды. Алайда облыстағы мұғалімдер саны жалпы халық санына шаққанда әлі де жеткіліксіз деңгейде қалды. Әсіресе ауыл мектептерінде арнайы педагогикалық білімі бар мұғалімдер өте аз еді. Мәселен, 1916 жылғы деректерге сәйкес, облыстағы 537 мұғалімнің тек 214-і ғана (39%) арнайы педагогикалық білімге ие болған. Бұл көрсеткішке медреселерді тәмамдап, мұсылман мектептерінде сабақ берген ұстаздар кіргізілмеген.

Сонымен қатар, 1914–1915 оқу жылында Қазақстан аумағындағы оқу-ағарту мекемелерінің жалпы саны 2006-ға жетіп, онда білім алған оқушылардың саны шамамен 105 мың адамды құрады. Соның ішінде Ақмола облысы бойынша 1914-1915 оқу жылы қала мен уезд арасындағы оқу орындарының арақатынасын кестеден көруге болады.

Кесте 4 – Ақмола облысы бойынша қала мен уезд арасындағы оқу орындарының динамикасы [28, 126, 83 б.]

Орналасқан Жері	Оқу орындарының саны	Оқытушылардың Саны	Оқушылардың саны
Уезде	132 мектеп	732 адам	15946 адам
Қалада	660 мектеп	1012 адам	35574 адам
Барлығы	792	1744 адам	51520 адам

Ескерту: Обзор Акмолинской области за 1914 г. Омск, 1915. - 83 б.

Яғни, Ақмола облысында барлығы 792 оқу орны жұмыс істеді, онда 1744 оқытушы қызмет атқарып, 51 520 оқушы білім алды. Қалалық жерлерде 132 оқу орны тіркеліп, мұнда 732 оқытушы және 15 946 оқушы болды. Ал уездерде 660 оқу орны жұмыс істеп,

оларда 1012 оқытушы мен 35 574 оқушы оқыды. Әрине, бұл көрсеткіштер Қазақстан аумағындағы жалпы білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз екені анық. Соған қарамастан, сол кезеңдегі қазақ халқының білім алуға деген ұмтылысының жоғары болғанын байқауға болады. Мәселен, қалаларда әрбір 1647 тұрғынға бір мектептен келсе, уездерде бұл көрсеткіш 2019 адамға бір мектепті құрады. Қалалық жерлерде оқушылар жалпы тұрғындар санының шамамен 7 пайызын құраса, уездерде бұл үлес 25 пайызға дейін жетті. Орта білім беретін оқу орындары негізінен облыстың солтүстігіндегі екі қалада – Омбы мен Петропавлда шоғырланды. Омбы қаласында төрт қыздар гимназиясы жұмыс істеді. Алайда, бұл қалалардың өзінде орта оқу орындарының саны жеткіліксіз болды. Ал облыстың өзге қалаларында, атап айтқанда Көкшетау, Атбасар және Ақмола қалаларында мұндай оқу орындары мүлде болмаған. Осы себепті қала және уезд тұрғындары балаларын Омбы мен Петропавл қалаларына оқуға жіберуге мәжбүр болды. Бұл жағдай едәуір қаржылық шығынды талап етіп, нәтижесінде тек әлеуметтік жағдайы жақсы, ауқатты отбасылар ғана өз балаларын аталған оқу орындарына орналастыра алды [27, 126, 76 б.].

Сонымен, XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстанда оқу орындарының 3 түрі жұмыс істеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 5 – XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстандағы оқу орындарының түрлері

Мектеп- медресе	Аралас мектептер	Таза орыс мектептері
Қадим оқуы Жадидтік оқу (жаңа әдіс)	Болыстық мектептер Ауылдық мектептер Орыс-қазақ мектептері Училищелер (ер, қыз балалар) Гимназиялар (ер, қыз балалар)	Діни приходтық мектеп Орыс мектептері Училищелер (ер, қыз балалар) Гимназиялар (ер, қыз балалар) Коммерциялық училищелер

Қорытынды. Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту ісінің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қалыптасуы мен дамуы жан-жақты талданды. Нәтижелер көрсеткендей, бұл кезең қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және білімдік дамуы үшін шешуші рөл атқарғанын дәлелдейді. Ресей империясының отарлық саясаты білім беру жүйесінің құрылымына тікелей әсер етіп, мектептердің ашылуына, оқулықтар мен оқу құралдарының пайда болуына, сондай-ақ мұғалімдерді даярлау жүйесінің ұйымдастырылуына жағдай жасады. Сонымен бірге, қоғамдық бастамалар мен қазақ зиялыларының қызметі халыққа білім берудің жаппай дамуына ықпал етті. Зерттеу барысында тарихи-архивтік, контент-анализ, салыстырмалы-тарихи және құжаттық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту процесінің ерекшеліктерін анықтауға, мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың өзара байланысын көрсетуге, сондай-ақ білім беру жүйесінің әлеуметтік мәнін бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелер көрсеткендей, мектептердің ашылуы мен білім беру институттарының дамуы тек білім деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар қазақ қоғамында ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың қалыптасуына септігін тигізді. Сонымен қатар, зерттеу Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту ісінің кезеңдік дамуын нақты көрсетуге мүмкіндік берді. XIX ғасырдың екінші жартысында басталған мектеп жүйесінің құрылымы мен педагогикалық тәжірибесі XX ғасырдың басында жаппай оқытумен толықты, бұл қазақ интеллигенциясының қалыптасуына негіз қалады. Халық ағарту ісі қоғамдағы әлеуметтік теңдікті нығайтып, ұлттық бірегейліктің сақталуына

маңызды үлес қосты. Қорытындылай келе, Солтүстік Қазақстандағы халық ағарту жүйесінің дамуы әлеуметтік, мәдени және білім беру саласындағы өзгерістердің күрделі өзара байланысын көрсетеді. Бұл процесс қазақ қоғамының модернизациялануына, білім мен мәдениеттің таралуына, ұлттық сана мен әлеуметтік құрылымның қалыптасуына ықпал етті. Зерттеу нәтижелері өңірдің білім беру тарихын жан-жақты зерттеуге және болашақта білім саласындағы тарихи тәжірибелерді талдауға ғылыми негіз береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кеменгерұлы, Қ. Таңдамалы [Текст] / Қ. Кеменгерұлы. – Алматы: Өлке, 2002. – 240 б.
- 2 Сабитов, Н. Мектебы и медресе у казахов: Историко-педагогический очерк [Текст] / Н. Сабитов. – Алма-Ата, 1950. – 44 б.
- 3 Валиханов, Ч. Ч. Собр. соч. в пяти томах. Том 5, 1 [Текст] / Ч. Ч. Валиханов. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 528 б.
- 4 РФ ООММ. 3-қор, 6-тізбе, 7932-іс, 19-п.
- 5 Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 369-қор, 1-тізбе, 1735-іс, 24-п.
- 6 Тажибаев, Т. Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX вв. [Текст] / Т. Т. Тажибаев. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1962. – 507 б.; Его же. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX вв. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 98 б.
- 7 Абуев, К. К. Кокшетау. Исторические очерки [Текст] / К. К. Абуев. – Кокшетау, 1997. – 292 б.
- 8 Ядринцев, Н. М. Сибирские инородцы: их быт и современное положение [Текст] / Н. М. Ядринцев. – СПб., 1891; Его же. Сибирь как колония. – СПб., 1882.
- 9 Қазақ газеті [Текст] / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 10 ҚР ОММ. 369-қор, 1-тізбе, 1741-іс, 1–2-п.
- 11 ҚР ОММ. 369-қор, 1-тізбе, 1740-іс, 1-п.
- 12 ҚР ОММ. 369-қор, 1-тізбе, 1735-іс, 78-п.
- 13 РФ ООММ. 43-қор, 1-тізбе, 8-іс, 191-п.
- 14 РФ ООММ. 43-қор, 1-тізбе, 8-іс, 2-п.
- 15 РФ ООММ. 43-қор, 1-тізбе, 24-іс, 102-п.
- 16 Айтмухамбетов, А. А. Гимназические аттестаты студентов-казахов Санкт-Петербургского университета как источник по изучению социокультурного типа казахского студенчества [Текст] / А. А. Айтмухамбетов // Традиции экономических, культурных и общественных связей стран дружества. – Омск, 2002. – С. 37–40.
- 17 Обзор Акмолинской области за 1886 г. [Текст]. – Омск, 1887. – 97 б.
- 18 Тажибаев, Т. Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX вв. [Текст] / Т. Т. Тажибаев. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1962. – 507 б.; Его же. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX вв. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 98 б.
- 19 Алекторов, А. Е. Очерки народного образования в Тургайской области. Летопись 1744–1889 гг. [Текст] / А. Е. Алекторов. – Оренбург, 1900. – 277 б.
- 20 РФ ООММ. 8-қор, 1-тізбе, 1-іс, 13-пп.
- 21 РФ ООММ. 8-қор, 1-тізбе, 1-іс, 14-пп.
- 22 РФ ООММ. 8-қор, 1-тізбе, 1-іс, 41-пп.
- 23 Обзор Акмолинской области за 1905 г. [Текст]. – Омск, 1906. – 71 с.

24 Храпченков, Г. М., Храпченков, В. Г. История школы и педагогической мысли Казахстана [Текст] / Г. М. Храпченков, В. Г. Храпченков. – Алматы: Университет «Қайнар», 1998. – 168 б.

25 Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағаты (АҚ ММ). 430-қор, 1-тізбе, 30-іс, 3-п.

26 Мамышева, Г. С. Қазақстандағы педагог мамандарын дайындау ісі [Текст] / Г. С. Мамышева // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – № 3. – 94–97 бб.

27 РФ ООММ. 115-қор, 1-тізбе, 89-іс, 5-п.

28 Обзор Акмолинской области за 1914 г. [Текст]. – Омск, 1915. – 140 с.

REFERENCES

- 1 Kemengeruly, K. Tandamaly [Selected Works]. Almaty: Olke, (2002): 240 b. – (In Kaz)
- 2 Sabitov, N. Mekteby i medrese u kazakhov: istoriko-pedagogicheskij ocherk [Schools and Madrasas among the Kazakhs: A Historical and Pedagogical Essay]. Alma-Ata, (1950): 44 b. – (In Rus)
- 3 Valihanov, Ch. Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomah. Tom 5, 1 [Collected Works in Five Volumes. Vol. 5, Part 1]. Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoj sovetskoj enciklopedii, (1985): 528 b. – (In Rus)
- 4 RF OOMM. 3-kor, 6-tizbe, 7932-is, 19-p.
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn ortalyk memlekettik muragaty (KR OMM). 369-kor, 1-tizbe, 1735-is, 24-p.
- 6 Tazhibaev, T. T. Prosveshchenie i shkoly Kazakhstana vo vtoroj polovine XIX vv. [Education and Schools of Kazakhstan in the Second Half of the 19th Century]. Alma-Ata: Kazgosizdat, (1962): 507 b.; Ego zhe. Razvitie prosveshcheniya i pedagogicheskoy mysli v Kazakhstane vo vtoroj polovine XIX vv. [Development of Education and Pedagogical Thought in Kazakhstan in the Second Half of the 19th Century]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, (1958): 98 b. – (In Rus)
- 7 Abuev, K. K. Kokshetau. Istoricheskie ocherki [Kokshetau: Historical Essays]. Kokshetau, (1997): 292 b. – (In Rus)
- 8 Yadrincev, N. M. Sibirskie inorodcy: ih byt i sovremennoe polozhenie [Siberian Natives: Their Way of Life and Contemporary Situation]. St. Petersburg, (1891); Ego zhe. Sibir kak koloniya [Siberia as a Colony]. St. Petersburg, (1882). – (In Rus)
- 9 Kazakh gazet. Subhanberdina, U., Dautov, S., Sakov, K. (eds.) [The “Kazakh” Newspaper]. Almaty: Kazakh enciklopediyasy, (1998): 560 b. – (In Kaz)
- 10 KR OMM. 369-kor, 1-tizbe, 1741-is, 1–2-p.
- 11 KR OMM. 369-kor, 1-tizbe, 1740-is, 1-p.
- 12 KR OMM. 369-kor, 1-tizbe, 1735-is, 78-p.
- 13 RF OOMM. 43-kor, 1-tizbe, 8-is, 191-p.
- 14 RF OOMM. 43-kor, 1-tizbe, 8-is, 2-p.
- 15 RF OOMM. 43-kor, 1-tizbe, 24-is, 102-p.
- 16 Aitmuhambetov, A. A. Gimnazicheskie attestaty studentov-kazakhov Sankt-Peterburgskogo universiteta kak istochnik po izucheniyu sociokulturnogo tipa kazakhskogo studenchestva [Gymnasium Certificates of Kazakh Students of St. Petersburg University as a Source for Studying the Sociocultural Type of Kazakh Students]. In: Tradicii ekonomicheskikh, kulturnyh i obshchestvennyh svyazey stran sodruzhestva. Omsk, (2002): 37–40. – (In Rus)
- 17 Obzor Akmolinskoj oblasti za 1886 g. [Review of Akmolinsk Region for 1886]. Omsk, (1887): 97 b. – (In Rus)
- 18 Tazhibaev, T. T. Prosveshchenie i shkoly Kazakhstana vo vtoroj polovine XIX vv. [Education and Schools of Kazakhstan in the Second Half of the 19th Century]. Alma-Ata:

Kazgosizdat, (1962): 507 b.; Ego zhe. Razvitie prosveshcheniya i pedagogicheskoy mysli v Kazakhstane vo vtoroj polovine XIX vv. [Development of Education and Pedagogical Thought in Kazakhstan in the Second Half of the 19th Century]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, (1958): 98 b. – (In Rus)

19 Alektorov, A. E. Ocherki narodnogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti. Letopis 1744–1889 gg. [Essays on Public Education in the Turgai Region: Chronicle of 1744–1889]. Orenburg, (1900): 277 b. – (In Rus)

20 RF OOMM. 8-kor, 1-tizbe, 1-is, 13-pp.

21 RF OOMM. 8-kor, 1-tizbe, 1-is, 14-pp.

22 RF OOMM. 8-kor, 1-tizbe, 1-is, 41-pp.

23 Obzor Akmolinskoj oblasti za 1905 g. [Review of Akmolinsk Region for 1905]. Omsk, (1906): 71 s. – (In Rus)

24 Hrapchenkov, G. M., Hrapchenkov, V. G. Istoriya shkoly i pedagogicheskoy mysli Kazakhstana [History of Schools and Pedagogical Thought of Kazakhstan]. Almaty: Universitet “Kainar”, (1998): 168 b. – (In Rus)

25 Akmola oblystyк memlekettik muragaty (AK MM). 430-kor, 1-tizbe, 30-is, 3-p.

26 Mamysheva, G. S. Kazakhstandagy pedagog mamandaryn daiyndau isi [Training of Pedagogical Specialists in Kazakhstan]. KazUU habarshysy. Tarih seriyasy. (2007): No. 3, 94–97 bb. – (In Kaz)

27 RF OOMM. 115-kor, 1-tizbe, 89-is, 5-p.

28 Obzor Akmolinskoj oblasti za 1914 g. [Review of Akmolinsk Region for 1914]. Omsk, (1915): 140 s. – (In Rus)